

"Ішкі істер органдарының адрестік-анықтама жұмысы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрінің 1995 жылғы 10-шілдедегі N 169 Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 қарашадағы N 693 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 9 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2078. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 650 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.07.2015 № 650 бұйрығымен.

Азаматтарды есепке алудың толықтығын және оларды тіркеудің негізділігін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының халқын тіркеуге алатын бірыңғай автоматтандырылған деректердің банкін құру, азаматтардың көшіп-қону процестерін есепке алу жөніндегі оның жұмысын автоматтандыру және әрі қарай жетілдіру, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің "Ақпаратты-өндірістік орталық" РМК және ішкі істер органдарының адрестік бюролары арасындағы функцияның қосарланушылығын болдырмау, сондай-ақ келу-шығу парақтарының картотекасына енгізілген мәліметтердің түпнұсқалығын бақылау, тіркеуді ресімдейтін қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрінің "Ішкі істер органдарының адрестік-анықтамалық жұмысы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 1995 жылғы 10-шілдедегі N 169 Бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мәтін бойынша "паспорттық аппараттар", "топтардың және паспорттық аппараттардың", "паспорттық-визалық қызмет бөлімінің" сөздері сәйкестілігіне қарай "көші-қон полициясы бөлімшелері", "көші-қон полициясы бөлімшелерінің", "көші-қон полициясы бөлімшелері" сөздерімен, "Ішкі істер министрінің паспорттық-визалық қызмет басқармасы және ІБ-бөлімдері" сөздері "Ішкі істер министрінің Көші-қон полициясы департаменті және ІБ-ІБ басқармалары" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 1-тармақтың екінші абзацында "облыстардың ІБ-да және Алматы қаласының ІБ-да ұйымдастырылды" сөздері "облыстардың ІБ-ІБ және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің "АӨО" РМК-да (әрі қарай - "АӨО" РМК) ұйымдастырылды";

3) 5-тармақта "ІБ" сөзінен кейін "және "АӨО" РМК" сөздерімен толықтырылсын;

4) 7-тармақта топтардың "облыстық ішкі істер органдары және паспорттық аппараттарының" сөздері алынып тасталсын;

5) 9-тармақта "Ішкіісминінің, ҰҚК-нің" аббревиатурасынан кейін "Қорғаныс министрлігінің, Қаржы полициясының" сөздерімен толықтырылсын;

6) 11-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Адрестік бюролар Президенттің және Үкіметтің Аппараты қызметкерлеріне, Парламент депутаттарына, ҰҚК, Ішкіісмині, Қаржы полициясы қызметкерлеріне, Прокуратураның, соттың, облыстардағы және Астана мен Алматы қалалары әкімдіктерінің қызметкерлеріне осы ұйымдардың тізімдерімен қоса берілген арнайы хаттары негізінде ерекше картотека жүргізеді. Олар бойынша анықтамалар осы ұйымдардың жазбаша келісімі арқылы беріледі.";

7) 12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Функционалдық міндеттері бойынша Халықты тіркеуге алуға жауапты көші-қон полициясы аппаратының штаттық қызметкерлері рәсімдеп қол қойған облыс орталықтары мен республикалық және облыстық бағыныстағы қалалардан келген көші-қон полициясының елтаңбалы нөмірлік мөрімен расталған келу-шығу парақтары адрестік бюроларға тіркеуді рәсімдеген және тіркеуден шығарған күннен кейінгі күннен кешіктірмей, ал, қалған ішкі істер органдарынан келгендері алфавит бойынша келу-шығу парақтарына жазылған жеке-жеке фамилиялық тізімдерді құрайтын ілеспе хаттарымен бірге (2 қосымша) аптасына екі реттен кем емес мерзімде адрестік бюроларға жіберіледі.

Азаматтарды тіркеу және тіркеуден шығару жөніндегі қызметке рұқсаты бар көші-қон полициясы қызметкерлерінің қолдарының үлгісі және көші-қон полициясы бөлімшелерінің нөмірлік мөрлерінің ойылған таңбасы адрестік бюроларға жіберіледі және олар өзгерген жағдайда жедел түрде жаңартылып отырады.

Адрестік бюроларға келіп түскен адрестік парақтар сол күні N 3 формалы (3 қосымша) кітап бойынша есепке алынады.";

8) 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Алғашқы әзірleme жүргізу кезінде фамилиялық тізімі бірге келіп түскен адрестік парақтарды салыстырып тексеру, адрестік парақтардың толтырылу сапасын тексеру, қажетті қолдардың және мөрлердің болуын, оларды алфавит бойынша іріктеу жүргізіледі, бұдан кейін олар дерекқорға енгізілу үшін табысталады және картотекаға бөлініп салынады. Анықталған жетімсіздіктерге немесе ілеспе тізімімен қоса артық келіп түскен адрестік парақтарға 2-данада акт жасалады, олардың біреуі ішкі істер органына тексеру және шара қолдану үшін (артық адрестік парақтармен қоса) қайтарылады.";

9) 15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Келу-шығу парақтарын әзірлеуді және картотекаға бөліп салуды "АӨО" РМК, облыстардың ПББ-ІБ, ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөлімшелері олардың келіп түскен күнінен 72 сағат өткенге дейін жүзеге асырады."

10) 20-тармақтың екінші абзацында "келу және шығу парақтары" сөздерінен кейін "тұрақты мекенін ауыстырған адамдарға" сөздерімен толықтырылсын;

11) 20-тармақтың екінші және үшінші тармақтарында "3 жыл", сөздері "5 жыл" сөздерімен ауыстырылсын, "6 жыл" сөзі "10 жыл сөзімен" ауыстырылсын;

12) 30, 31 және 38 тармақтарда "Ішкіісмині, ҰҚК" аббревиатурасынан кейін "Қорғаныс министрлігі, Қаржы полициясы" сөздерімен толықтырылсын;

13) 31-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сұрауларды жолдаған бөлімше бастығының (қызметкерінің) қолы қойылып кеңседе тіркелуі тиіс. Қызметтік адрестік ақпараттарды шұғыл алу қажет болған кезде ішкі істер органдарының жазбаша сұраулары олардың шұғыл орындалуына сілтеме жасалып бөлімшенің бірінші басшысының немесе оның орынбасарының қолымен адрестік бюроға ұсынылады.";

14) 33-тармақтың екінші абзацында "Журналдағы жазулар" сөздері "Журналдар" сөзімен ауыстырылсын;

15) 40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Мекемелерге, ұйымдарға (9-тармақта аталғандардан басқа) және азаматтарға олардың "АӨО" РМК-ң Адрестік бюросына өтініш жасаған кезінде анықтамалар келісімді бағалар бойынша беріледі.";

16) 41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. "АӨО" РМК адрестік бюроларының қызметін тұрақты пайдаланатын мекемелерге және ұйымдарға (9-тармақта аталғандардан басқа) қызмет көрсету туралы шарттар жасалады. Берілетін адрестік ақпарат үшін ақы төлеу мекемелер мен ұйымдар жасасқан шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.";

17) 48-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Мемлекетаралық республикалық іздеудегі іздестіру және бақылау карточкалары адрестік бюро картотекасынан облыстардағы Прокуратура немесе ҰҚК жанындағы ҚСЖАО циркулярлары негізінде 2 тәуліктен аспайтын мерзімге алынады. Мұндай карточкаларды алу және жою туралы циркулярларда белгі қойылады, кейін олар сәйкестілігіне қарай ҚСЖАО немесе Қазақстан Республикасының ҰҚК-не қайтарылады.";

18) 50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Адрестік-анықтамалық жұмыс нәтижесі бойынша N 12 нысанда анықтама жасалады (12-қосымша), ол ПББ-ІБ Көші-қон полициясы басқармасының, Қазақстан Республикасы Ішкіісмині "Ақпаратты-өндірістік

орталық" РМК-ң бастығына (бағыныстылығына қарай) баяндалады, олар нәтижелерді қарап, осы қызметтің мүмкіншіліктерін пайдалануды жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдайды.";

19) Нұсқаулықтың 2-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасы бойынша ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің КҚД (Нүкенов М.О.) және "Ақпаратты-өндірістік орталық" РМК (Мұхамедов Н.Н.) жүктелсін.

4. Бұйрық Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жеке құрамына жеткізілсін.

М и н и с т р

генерал-полковник

Қазақстан Республикасының

Ішкі Істер Министрінің

2002 жылғы 5 қарашадағы N 693

Бұйрығына 1 қосымша

Нұсқаулыққа 2 Қосымша

(ІБ-ң бұрыштама мөртаңбасы)

шығыс N _____

20__ " " _____

_____ Ішкі істерінің, ІБ, РМК-ң адрестік бюросына

20__ " " _____ мен 2020__ " " _____ аралығындағы тіркелген

келу-шығуды тіркейтін адрестік парақтар, сонымен бірге:

Тегі, аты - жөні

N

п/п

КЕЛУ парағы

Жиыны:

дана.

Тегі, аты-жөні

N

п/п

ШЫҒУ парағы жолданады

Жиыны : _____

дана .

Барлығы _____

дана .

(ішкі істер органының атауы)

Көші-қон

полициясы

бөлімінің

(бөлімшесінің) бастығы

(қолы)

(Тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК